

Шектеу іс-шараларын алу және Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 8 "Қайыңды ауылдық округінің Құмқұдық ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысы Темір аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 16 ақпанда № 3-10-176 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2018 жылғы 4 қаңтардағы № 2-14/01 ұсынысына сәйкес, Қайыңды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қайыңды ауылдық округінің Құмқұдық ауылында ірі-қара малдары арасынан бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс – шаралардың жүргізілуіне байланысты, белгіленген шектеу іс – шаралары алынсын.

2. Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 8 "Қайыңды ауылдық округінің Құмқұдық ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4994 болып тіркелген , 2016 жылғы 27 шілдедегі "Темір" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қайыңды ауылдық округінің әкімі

А. Суиндыков